

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
«Қыз өссе...» концерттік бағдарламасының құрылымы

1. Кіріспе сөз

Іс-шараны екі жүргізуші – бір қыз бала және бір ұл бала немесе тәрбиеші бастайды.

Мазмұны:

- Қыз бала – ұлттың ұяты, елдің көркі екені жайлы ой қозғау;
- Іс-шараның мақсатын айту;
- Қонақтарды қарсы алу.

Мысалы:

Жүргізуші:

- «Қыз өссе – елдің көркі» дейді халқымыз. Бүгінгі мерекелік кешіміз нәзіктік пен сұлулықтың иесі – қыздарымызға арналады.

2. Өлеңдер топтамасы

Балалар қыз бала туралы, ана, әже, әпке жайлы қысқа тақпақтар оқиды.

Мысалы:

- Қыз баланың көркі – әдеп,
Айнымасын ол әдет.
Ұқыпты да ұялшақ,
Қыз дегенің тым нәзік!

3. Ән орындау

Балалар қыз балаға арналған не ана туралы балалар әндерін орындайды.

Мысал әндер:

- «Қазақ қызы»,
- «Анашым»,
- «Сәукеле»,
- «Гүлдер-ай».

Әндерді жеке және топпен орындауға болады.

4. Би қойылымы

Қыздар ұлттық немесе заманауи-эстрадалық би билейді.

Ұсынылатын билер:

- «Қазақ қыздары» (ұлттық би),
- «Қызғалдақ» (заманауи би),
- «Қамажай» (ұлдармен бірге).

5. Сахналық көрініс

Қыз тәрбиесіне арналған шағын қойылым көрсетіледі.

Тақырыптар:

- «Қызға қырық үйден тыю»

– «Әдепті қыз – әр үйдің ырысы»

– «Әженің тәрбиесі»

Балалар үлкеннің батасын алу, сәлем беру, ұқыптылық, тазалық, инабаттылық секілді көріністерді сомдайды.

6. Дефиле – сән көрсетілімі

Қыз балалар ұлттық киім немесе қолөнер бұйымдарын көрсетіп, сахнадан жүріп өтеді. Әр қыз өзі таңдаған киімі туралы қысқаша сипаттама береді.

Мысалы:

– Бұл менің нағашы әжемнің тіккен камзолы. Қазақ қыздарының сәні – осындай киімдер.

7. Сұрақ-жауап бөлімі

Жеңіл, қызықты сұрақтар қойылады.

Мысалы:

– Қыз бала қандай болу керек?

– Үлкендерге қалай сәлем береміз?

– Ұлттық киімдерді ата.

Балалар немесе ата-аналар қатысады.

8. Қолөнер көрмесі (егер өткізу мүмкіндігі болса)

Қыз балалар өздері жасаған кесте, сурет, моншақ, аппликация жұмыстарын көрсетіп, таныстырады.

9. Қорытынды ән

Барлық қатысушы балалар бірге сахнаға шығып, бір ән орындайды.

Ұсыныс: «Қыз өссе – елдің көркі»

10. Марапаттау және жабылу

Барлық қатысушыларға алғыс хат, мақтау қағазы, сыйлықтар таратылады.

Қорытынды сөз:

Тәрбиеші немесе меңгеруші қыз тәрбиесінің маңыздылығы туралы айтып, қатысушыларға ризашылығын білдіреді.